

## **6 дәрістің тақырыбы: Физикалық деңгей жұмысы.**

**Дәрістің мақсаты:** Физикалық деңгейде хабар алмасуды үйрену.

### **Дәрістің мазмұны:**

1. Кабельдер, байланыс арналары;
2. Кабельдер типтерін құрылымдау;
3. Ethernet технологиясы: қолжетімділік;
4. UTP типті кабельдер.

### **Кабельдер, байланыс арналары**

OSI моделінің төменгі үш деңгей жөлгі тәуелді болып табылады, яғни физикалық, арналық және желілік деңгейлердің бағдарламалық және аппараттық құралдары желілік технологияларға тәуелді болып келеді. Физикалық деңгейдің аппараттық құралдары мыс және оптоталшықты қабілдер, мәліметті таратудың сымсыз ортасы, ажыратқыштар, сигналдарды қайталағыштар (repeater), көп портты қайталағыштар немесе концентраторлар (hub), электрлік сигналдарды оптикалықта және керісінше түрлендіретін орта түрлендіріштер (transceiver) болып табылады. Желілік карталар немесе адаптерлер (Network Interface Cart- NIC) арналық деңгейде де, физикалық деңгейде де жұмыс істейді.

Компьютерлік желілерде тарату ортасы ретінде коаксиалды кабіл (coaxial cable), экрандалмаған (UTP - unshielded twisted pair) немесе экрандалған айналмалы жүп (STP - shielded twisted pair), оптоталшықты кабіл (fiber optic), сымсыз радиоарналар қолданылады. Әрбір мәліметті тарату ортасы мен технологиясына өзіндік стандарттары анықталған.

#### **Мыс кабілдер.**

Жергіліктік желілер экрандалмаған айналмалы жүп UTP негізінде құрылады. Экрандалған айналмалы жүп STP экрандалмағанмен салыстырғанда жіберілетін сигналдың корғанысын қамтамасыз етеді. Бірақ UTP арзандау, сондықтан кең тараған Ethernet, Fast Ethernet, Gigabit Ethernet технологияларында қолданылады. Бұндай кабілдерді коаксиал мыс кабілдерге карағанда симметриялық деп те атайды.

UTP кабілінде төрт мыс сым бар. Кабілді компьютерлерге немесе басқа желілік құрылғыларға қосу үшін 8 контакты бар ажыратқыш (коннектор) RJ-45 қолданылады.

Кабілдің негізгі сипаттамалары: кабіл бойынша таралатын сигналдың максимал жиілігі, өшуі, киылсысатын нысаналық мәндері, кедергі, сыйымдылық және т.б. болып табылады. Негізгі сипаттамалар ISO/IEC 11801 халықаралық стандартпен тураланған. ISO/IEC 11801 стандарты кабілдерді дәрежесіне қарай бөледі (2-кесте). 7-дәреже кабілдері – экрандалған.

Бұрын жергіліктік Ethernet желілерінде қолданылған 3-дәрежелі UTP кабілі Fast Ethernet желілерінде 5-дәрежелі кабілдермен алмастырылды. Бүгінгі кунде 5-дәрежелі UTP кабілі жылдамдығы 125 Мбит/с асатын 5е-дәрежелі кабілімен алмастырылады. **Симметриялық UTP кабілдері сигнал таратылу 100 м дейінгі қашықтықта қамтамасыз** етеді.

**2- кесте. 7-дәреже кабілдері – экрандалған**


Кабілдің және ажыратқыштың дәрежесі	Сигналдың максимал жиілігі, МГц	Типтік қосымшалар
3-дәреже	16	Жергіліктік желілер Token Ring, Ethernet10Base-T, дыбыстық арналар
5-дәреже	100	Тарату жылдамдығы 100 Мбит/с дейінгі жергіліктік желілер
7-дәреже	600	Тарату жылдамдығы 100 Мбит/с дейінгі жергіліктік желілер

**Соңғы торапты (host),** мысалы компьютерді қайталағышқа немесе коммутаторға (19a - сурет) қосу үшін тұра кабіл қолданылады, оның сымдарын RJ-45 ажыратқыш контактыларына қосылу схемасы 19b - суретте көрсетілген. Сымдардың бірінші жұбы (1,2 - контакт) жіберу үшін, екінші жұбы – қабылдау үшін (3,6 - контакт) қолданылады. Қалған 2 ЕҮУ ПРО 3.09 - KV- 22 - 12. Оку жұмыс бағдарламасы (Syllabus). Ушінші басылым

жүп қолданылмайды.


Тура кәбіл қосылыстары үшін қолданылады:

1. Коммутаторды маршрутизатормен
2. Коммутаторды компьютермен немесе сервермен
3. Концентраторды компьютермен немесе сервермен.



19- сурет. Тура кәбіл

Коммутаторлар (switch) немесе концентраторларды(hub) өзара қосу үшін кросстық кәбіл (Crossover Cable) қолданылады, 20-суретте көрсетілген.



20 - сурет. Кросстық кәбіл


Кросстық кәбіл 4 сымды қолданады, бір ажыратқыштағы 1 және 2-контакттар басқа ажыратқыштағы 3 және 6-контакттармен қосылады.

Кросстық кәбіл қосылыстары үшін қолданылады:

1. Коммутаторды коммутатормен;
2. Коммутаторды концентратормен;
3. Концентраторды концентратормен;

4. Маршрутизаторды маршрутизатормен;
5. Маршрутизаторды компьютермен;
6. Компьютерді компьютермен.

Коммутаторды немесе маршрутизаторды конфигурациялау үшін оларды жеке компьютердің СОМ-портымен (RS-232) қосады. Бұл жерде **консольдық** кабіл Rollover Cable қолданылады (21-сурет). 21-суретте кабілдің екінші ажыратқышында біріншісіне қарама-қарсы контактілерді нөмерлеу болады.




21- сурет. Консольдық кабіл

Шеті дөңгелек тұра немесе кросстық кабілдерге қарағанда консольдық кабіл – жазық, көгілдір немесе қара түсті. Коммутатордың немесе маршрутизатордың терминалмен интерфейсі консольдық порт деп аталады. Керек жағдайда консольдық кабілдің RJ-45 ажыратқышынан терминалдың СОМ-портының DB-9 немесе DB-25 ажыратқышына дейін ауысыш адаптерлер қолданылуы мүмкін.

#### Талшықты-оптикалық кабілдер.

Желілерде тарату ортасы ретінде электрлік кабілдермен қатар **оптикалық талшықтары (fiber optic)** кабілдер кең қолданылады. Талшықты-оптикалық кабілдің артықшылығы талшықты айналдыру немесе экрандаудың қажеті жоқ, өйткені қылышу кедергілері (crosstalk) және сыртқы электромагниттік кедергілер болмайды. Бұл симметриялық мыс кабілмен салыстырғанда сигналды алыс қашықтыққа жіберуге мүмкіндік береді. Жарық сәулесі (22-сурет) сыну коэффициенттері  $n_1$  және  $n_2$  болатын екі мөлдір материалдың шекарасына түскенде жарық екіге бөлінеді.




22 - сурет. Жарық сәулелерінің сынуы мен шағылышы

Жарық сәулесінің бөлігі  $\psi_3$  түсү бұрышына  $\psi_1$ -ге тең шағылу бұрышымен алдыңғы ортага (жүрекшеге) шағылышады. Жарық сәулесінің энергиясының қалған бөлігі екі ортандың шекарасынан өтіп екіншісіне (қабықша)  $\psi_2$  бұрышымен түседі. Энергияның бұл қабықшадағы бөлігі жүрекше

бойынша таралуы тиісті энергияның шығынын сипаттайты.  $v_1$  түсү бұрышын үлкейткен кезде,  $v_2$  сыну бұрышы өседі.

$v_1$  бұрышының кейбір критикалық  $v_{kp}$  деп аталатын мәні кезінде сәуле сынбайды; бір бөлігі шағылысады, ал қалған бөлігі шекара бойымен сырғанайды. Егер түсү бұрышы критикалықтан үлкен  $v_1 > v_{kp}$  және  $n_1 > n_2$  болса толықтай ішкі шағылысу эфекті пайда болады, яғни жарық сәулесі еш жоғалусыз жүрекше бойымен алыс қашықтыққа дейін таралады. Жарық сәулесінің түсү бұрышының толықтай ішкі шағылысу шарты орындалатын талшықтағы диапазоны талшықтың сандық апертурасы деп аталады. Жарық сәулелері жүрекшеге талшықтың тек сандық апертурасының ішіндегі бұрыш арқылы кіруі тиіс. Сәулелер әр түрлі бұрыштармен кіргеннен кейін жүрекше мен қабықшаның шекарасынан әртүрлі бұрыштан шағылысып, құрылғыға дейін әр түрлі қашықтықпен жетеді (23а-сурет).



23 - сурет. Көмодты(а) және бірмодты(б) талшық

Жарықтың бұл құраушылары модтар деп аталады. Оптикалық талшықта жүрекше диаметрі үлкен болғанда өзінде бірнеше мод пайда болуы мүмкін. Бұндай талшық көмодты (multimode) деп аталады.

#### Сымсыз орта.

Сымсыз орта бірнеше жиілік диапазондарында топтастырылған радиоарналар жынтығы арқылы құрылады. Үш жиілік диапазонын: 900 МГц, 2,4 ГГц и 5 ГГц халықаралық телекоммуникация одағы (International Telecommunications Union - ITU) өндірісте, ғылымда және медицинада (Industrial, Scientific, Medical - ISM) қолданылу үшін ұсынған және лицензияны қажет етпейді. Берілген жиілік диапазондарында сымсыз локалдық және глобалдық байланыс желілерінің көшілілігі құрылуда. Төмен жиілік диапазоны тарату қашықтығын ұзартады және ғимарат ішіндегі радиотолқындар таралуын жақсартады. Бірақ арналардың сәйкесінше қолданушылардың саны бұл кезде төмендейді.

Сымсыз (wireless) орта жиілік диапазонмен, тарату жылдамдығымен және қашықтықпен ерекшеленетін стандарттар жынтығымен реттеледі.

IEEE 802.11 (Wi-Fi) стандарты сымсыз Жергіліктік желілердің Wireless LAN - WLAN) негізгі стандарты болып табылады. Сымсыз желілердің параметрлері маңызды түрде қолданылатын модуляция техникасымен анықталады. 802.11 (Wi-Fi) стандарты технологиясының негізгі параметрлері 3 - кестеде көрсетілген.

3 - кесте. Wi-Fi стандартының технологиясының негізгі параметрлері

Стандарт (жиілік диапазоны)	Тарату жылдамдығы, Мбит/с	Типтік мәні, Мбит/с	Максимал мәні, Мбит/с
802.11a (5 ГГц)	54	20-26	1*8
802.11b (2.4 ГГц)	*1	24	*1
802.11g (2.4 ГГц)	*4	20-26	1*8
802.11n (2.4, 5 ГГц)	100		210

802.11a стандарты WLAN құрылғыларының 5ГГц жиілік диапазонында жұмысын реттейді. Тарату жылдамдығы 54 Мбит/с, кейде - 108 Мбит/с дейін. Өндірістік технологиялық желілерде әдетте тарату жылдамдығы 20-26 Мбит/с бағаланады. 802.11a стандартының жоғары жиілікті диапазонды қолдануы тарату қашықтығын және ғимарат ішіндегі радиотолқын таралуын шектейді. Қолданылатын модуляция түрі – OFDM. 802.11a стандартының құрылғылары 802.11b және 802.11g стандарттарының құрылғыларымен қатынаса алмайды, ейткені олар 2,4 ГГц диапазонында жұмыс істейді.

Бүгінгі күнде 802.11b және 802.11g стандарттарының құрылғыларымен кең қолданыс тапты. 802.11b стандартының құрылғылары 2,4 ГГц диапазонында жұмыс істейді және 11 Мбит/с тарату жылдамдығымен сипатталады, модуляция түрі - DSSS.

### **Желі топологиясы.**

Желілік тораптар мен станцияның байланыс желісіне бірігуі әртүрлі топология негізінде жүзеге асырылады. Жергілікті және глобалдық желілердің топологиялары әртүрлі болады.


Желінің физикалық және логикалық топологиясын айыра білу керек. **Физикалық топология** желінің жалпылама құрылымы және желілік элементтердің байланыс кәбілімін қосылуының сұлбасын көрсетеді. **Логикалық топология** желі бойынша белгілі ақпарат бірліктерінің таралуын көрсетеді.

**Жұлдыз (star) негізінде топология** орталық құрылғыны қолдануды қажет етеді. Бір торабының жұмыстан шығуы қалған басқа желінің жұмыс қабілеттілігіне әсер етпейді. Желі жаңа тораптарді қосу арқылы оңай түрлендіреді. Кемшилігі осал орталық және шиналық топологияға қарағанда кәбіл шығыны болып табылады.

**Сакина (ring) топологиясын** қолдану кезінде сигналдар бір бағытта тораптан торапқа таралады. Кез-келген торап жұмыстан шыққан кезде, егер оны айналып өту алдын-ала қарастырылмаса, барлық желінің жұмыс істеуі тоқтатылады.

**Логикалық топология** тораптар орта арқылы қалай арасасатынын анықтайды. Көп тараған логикалық топологиялар: «нүкте-нүкте» (point-to-point), көптеген қолжетімділік (multi access), кең таратушы (broadcast) маркерлік (token passing).

«Нүкте-нүкте» логикалық топологиясы бір тораптан екіншісіне аралық құрылғыларға тәуелсіз мәліметті таратуды қамтамасыз етеді. Бұндай топология кезінде басқа адресаттар болмағандықтан мәліметті таратуды басқаратын хаттама қарапайым болады. Сәйкесінше, бұл топологияны қолдану кезінде физикалық адрестер қажет емес.



24 - сурет. Жергіліктің желілердің физикалық топологиялары


#### **Көнтеген қолжетімділік топологиясы**

Ethernet-желілерге сай болып келеді. Бөлгіш ортақ шинаға барлық тораптар қолжетімділікке ие, бірақ уақыттың бір мезетінде тек бір ғана торап мәлімет таратады. Бұл кезде басқа тораптар тек «тындей» алады.

**Кентаратушы** топологиясын қолданғанда торап өз мәліметтерін барлық басқа тораптарға жібереді. Бұл кезде қандай станциялар жұмыс істеп тұрғаны белгісіз.


Маркерлік логикалық топологиясы көнтеген қолжетімділік топологиясы сияқты ортақ ортаны бөлуді жүзеге асырады. Бірақ multi access Ethernet желілеріндегі топологияларда ортаға қолжетімділік кездейсік (детерленбеген) болса, маркерлік топологияда ортаға қолжетімділік детерминирленген. Электронды маркер (token) әр торапқа кезектесіп сақина бойынша жіберіледі. Маркерді алған торап желіге мәлімет жібере алады. Егер торабында таратылатын мәлімет болмаса, маркерді келесі торапқа жібереді және үрдіс қайталанады. Token passing топологиясын Token Ring және Fiber Distributed Data Interface (FDDI) желілері қолданады.

Желінің физикалық немесе логикалық топологиясы әр түрлі бола алады. Мысалы, кең тараған Ethernet желілік технологиясы концентраторларды (hub) және «айналмалы жүп» кәбілді қолдана алады (3.7-сурет). 3.7-суреттегі физикалық топология барлық компьютерлер орталық құрылғыға – концентраторға (hub) қосылғандықтан жүлдэз топологиясы болып табылады. Логикалық топологиясы концентратор ішінде барлық компьютерлер ортақ магистралға қосылғандықтан – шина болып табылады.



25 - сурет. Топология: физикалық – жүлдэз, логикалық – шина

Іс жүзінде топология комбинациялары кең қолданылады. Мысалы, (3.8-сурет) желінің ядросында толық байланысты топология бойынша сенімділікті жоғарылату үшін біріккен коммутация тораптарі бар. Жалпы желі топологиясы кеңейтілген жүлдзыз немесе радиалды-торабында желі құру әдісі көрсетілген, бұнда соңғы тармақтар - СТ (ОП - Оконечные пункты) тораптарге У қосылған, ал олар желі ядросының коммутация тораптарімен - КТ (УК - узлы коммутации) УК қосылған.



26 - сурет. Арас топологиясы бар байланыс желілері

#### *Бақылау сұрақтары:*

1. Мәліметті таратудың Жергіліктік желілерінде қандай кәбіл түрлері қолданылады?
2. 3-дәрежелі UTP кәбілінің тарату жылдамдығы мен қашықтығы қандай?
3. 5,5e-дәрежелі UTP кәбілінің тарату жылдамдығы мен қашықтығы қандай?
4. Тура кәбіл қандай құрылғыларды қосу үшін қолданылады?
5. Кросстық кәбіл қандай құрылғыларды қосу үшін қолданылады?
6. Консолдық кәбіл қандай құрылғыларды қосу үшін қолданылады?
7. Талышқыты-оптикалық кәбілдің мыс кәбілмен салыстырғанда артықшылығы қандай?
8. Оптикалық кәбіл бойымен Жергіліктік желілерде қандай қашықтыққа дейін мәліметті таратуға болады?
9. Қандай стандарт сымсыз Жергіліктік желілердің негізгі стандартты болып табылады?
10. Қандай топология Жергіліктік желілерде кең тараған?